

**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік
қоғамының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері
бойынша талдамалық анықтама**

3 мамыр 2023 жыл

Қызылорда қаласы

1. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚЭТТК» АҚ) «Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметі»- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау –Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидасына сәйкес және «ҚЭТТК» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің төрағасы Р.А.Нұрмағанбетовпен 27 желтоқсан 2022 жылы бекітілген «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Комплаенс офицерінің 2023 жылда атқаратын жұмыс жоспарының 3- тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды - «ҚЭТТК» АҚ-ның Комплаенс офицері Б.Кушимбаев жүргізді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2022 жылы қамтылды.

4. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

4.1. Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4.2. Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5. Талданатын объект туралы мәліметтер:

Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметі «ҚЭТТК» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Дамыту және іске асыру жөніндегі Басқарушы директорға тікелей бағынады.

Қызмет өз жұмыстарын жүзеге асыру кезінде, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негіздерін, Қоғамды және маңызды болып табылатын серіктес елдердің заңнамасының негіздерін басшылыққа алады. Қоғамның қызметіне, Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, Қоғам Жарғысына, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдеріне, ҚР СТ ISO 9001 халықаралық стандарттарына. ISO 14001, ҚРСТ ISO 45001, ҚР СТ ISO 50001, лауазымдық нұсқаулық және Қоғамның басқа да ішкі ережелерін басшылыққа алып жұмыс жасайды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы. Әйтеке би көшесі, №25

6. Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметінің кадрлық құрамы:

Бөлімде 16 қызметкер жұмыс атқаруда, нақтырақ:

1. Қызмет басшысы;
2. Қызмет басшысының орынбасары;
3. Тексеру зертханасының меңгерушісі;
4. 1-санаттағы теңгерім бойынша инженер;
5. Теңгерім жөніндегі инженер – 2 қызметкер;
6. Инженер – 3 қызметкер;
7. Тексеру зертханасының инженер-метрологы;
8. Электр энергиясының ысырабын есептеу жөніндегі инженер
9. Тексеру зертханасының электромонтер-метрологы – 2 қызметкер;
10. Электромонтер – 3 қызметкер.

Бөлім қызметкерлері - Басқарма төрағасымен бекітілген қызмет ережесімен және қызметкердің функционалдық міндеті көрсетілген қызметтік нұсқаулықтары негізінде қызмет атқарады.

7. Қызмет функциялары:

7.1. Қоғамның қалалық және аудандық бөлімшелерінде оларды жетілдіру мақсатында өлшеу құралдарының жай-күйіне талдау жүргізу;

7.2. Өлшем құралдарын жетілдіру негізінде жұмыс өндірісінің тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу;

7.3. Қондырғыны жасау, электр есептегіштерге техникалық қызмет көрсету, электр энергиясын есепке алу схемасын тексеру, электр есептегішті және есептеу тізбектерін пломбалау, есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін (АСКУЭ) бақылау және салыстырып талдау 220/35/10 кВ, 110/35/10-6кВ, 35/10-6кВ қосалқы станцияларында;

7.4. Техникалық және коммерциялық шығындарды азайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және салыстырып тексеру жүргізу;

7.5. 220/110/35/10/6/0,4кВ кернеу деңгейлері бойынша электр энергиясының теңгерімін бақылау;

7.6. Қалалық және аудандық бөлімшелердің жұмысына техникалық көмек көрсету, АЭТ өтініміне сәйкес КТП, ТП 10-6/0,4 кВ, бас фидерлік есепке алу мен КТП, ТП 10/0,4 кВ арасындағы электр энергиясының теңгерімін, КТП есептеу схемаларын және трансформациялау коэффициентін тексеру;

7.7. АЭТ учаскелерінде орналасқан өлшеу кешеніне, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға (тараптардың өзара келісімі бойынша) белгіленген жұмыс уақыты режимі шегінде жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу. Жоспардан тыс рейдтер кезінде тексеру АЭТ өкілінсіз кез келген уақытта жүргізіледі;

7.8. Есептілік бланкілерін (ППЭЭ бұзу актілері), пломбаларды беру, қатаң түрінде есебін жүзеге асыру;

7.9. Қажет болған жағдайда «ҚЭТТК» АҚ қажетті персоналын және тұтынушы өкілдерін, сараптама ұйымдарының өкілдерін тарта отырып, бұзушылықтар актілері бойынша комиссиялық қарауды ұйымдастыру;

7.10. Бұзушылық актілері бойынша комиссиялық шешімдер «ҚЭТТК» АҚ-дан берілуіне бақылау жүргізу;

7.11. 220/110/35/10/6 кВ кернеу кластары бойынша техникалық ысыраптарды есептеуді жүргізу;

7.12. Электр энергиясының неғұрлым коммерциялық шығыны бар ТП-10/0,4 кВ АЭТ ұсынылған ақпараты бойынша төменгі деңгейдегі электр энергиясын бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін (АСКУЭ) жоспарлау, енгізу және қызмет көрсету.

Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметімен 2022 жылы атқарылған жұмыстар:

Тасбөгет АЭТ-на қарасты, 1-фазалық 708 дана электр есептегіш құрал AS100 түрі, 3-фазалық 30 дана электр есептегіш құрал AS3500 түрі кіріспетарату құрылғысы (ВРУ 0,4кВ) және 24 дана коммерциялық тұтынушыларға орнатылып, орталық серверге «АльфаСмарт» жүйесіне қосылған.

Қызылжарма АЭТ-на 10/0,4 кВ ҚС-на 52 дана және Шиелі АЭТ-на 18 дана шлюз қондырғысы орнатылған. Соған байланысты, Қызылжарма АЭТ-сы 5275 дана және Шиелі АЭТ-сы 2668 дана AS100 түрі Wi-Fi жүйесімен қосымша бапталған электр есептегіш құралы орталық серверге «АльфаСмарт» жүйесіне қосылған. Тұтынушылардың айлық көрсеткіштері автоматты түрде орталық серверге деректірін жіберіп отыр. Қондырғылардың іске қосылуына байланысты, жұмысшы және уақыт үнемдеу жоғарғы нәтеже көрсетуде.

РТП-3 лицензиялық продукциясын сатып ала отырып, сол бойынша «ҚЭТТК» АҚ желілерін техникалық ысыраптарын есебін жүргізуде.

Ағымдық жұмыстары бойынша, 220/110/35/10 кВ ҚС-дың және ВРУ 0,4кВ және фидірлік баланстарын шығару, жоғарғы кернеулі ҚС-дың электр есептегіш қондырғыларын салыстырып талдау, тексеру және қызмет көрсету жұмыстары орындалған.

Метрологиялық лаборатория қызметі, ағымды жұмыстарын электр өлшеу аспаптарын тексеру, индикаторларды бақылау және тұтынушылардан түскен арыз-шағымдар электр есептегіш құралдарын тексеріп, қорытындысын беру жұмыстары жүргізілген.

АЭТ-лардан келіп түскен қызметтік хаттарға сәйкес көмек немесе рейд түрінде 10/0,4 кВ ҚС заңды тұлға тұтынушыларды және 0,4кВ 1-фазалық тұтынушыларды тексеру, аралап қарап шығу, пайдалану электрэнергиясын бұзған тұтынушыларға ҚР Электрэнергиясын Пайдалану Ережесі бойынша АКТ бұзушылық (нарушения) толтырып, электрэнергиясын қайта есептеу (перерасчет) жұмысы жүргізілген.

Жоғарыдағылардың негізінде, электр энергиясы есептегішінен мәлімет алу барысында, «ҚЭТТК» АҚ-ның қызметкері мен тұтынушы арасында өзара келісіп, электр энергиясы есептегішіндегі көрсеткішті толық емес немесе жалған ақпарат беру арқылы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал етуі мүмкін. «Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметі» бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу мақсатында, төмендегідей ұсыныс білдіремін:

1. Тұтынушылармен пайдаланған электр энергиясы бойынша ай-сайын алынатын есептегіштегі мәліметтер автоматты түрде, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйеге ұлғайтуға жұмыстар жүргізілсін.

Комплаенс -офицер



Б.Кушимбаев

Ташыбаев

Қар Қарыбаев С.А.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау
нәтижесінің жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Қызылорда қаласы

4 мамыр 2023 жыл

Төрағалық еткен: Басқарма Төрағасы Б.К.Каракозов,

Қатысқандар: Дамыту және іске асыру жөніндегі басқарушы директоры М.Мустафаев, Комплаенс офицері Б.Кушимбаев, Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы бастығының міндетін атқарушы С.Дәрібаев және «Ақпараттық технологиялар» бөлімінің бастығы А.Николаенко

Хатшы: Баспасөз хатшысы О.Балтахожа

**Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік
қоғамының Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы
қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау
нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы талқылау**

1. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚЭТТК» АҚ) Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама қаперге алынсын.

2. «Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметі» (С.Дәрібаев) талдамалық анықтамада көрсетілген ұсыныс бойынша, жұмыстар жүргізіп, ұдайы бақылау жасалсын.

3. «Ақпараттық технологиялар» бөлімі (А.Николаенко) Метрология, электр энергиясын есепке алу және балансы қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы «ҚЭТТК» АҚ-ның ресми интернет-ресурсына жариялауды қамтамасыз етсін.

Басқарма Төрағасы



Б.К.Каракозов

Дамыту және іске асыру жөніндегі
басқарушы директор



М.М.Мустафаев

Комплаенс офицер



Б.Кушимбаев

Метрология, электр энергиясын
есепке алу және балансы
бастығының міндетін атқарушы



С.Дәрібаев

«Ақпараттық технологиялар»
бөлімінің бастығы



А.Николаенко

Хатшы



О.Балтахожа